

«Б.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

**«Робототехника» үйірмесінің I жартыжылдықта
атқарылған жұмыс туралы мәлімет**

2022-2023 оқу жылында мектебімізде қыркүйек айынан бастап «Робототехника» үйірмесі өз жұмысын жасап келеді. Үйірменің мақсаты оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту.

Оқу жылының басында үйірменің күнтізбелік-тақырыптық жоспары бекітілді. Үйірмеге қатысуға тілек білдірген оқушылар саны 50. Оқушылар 4 топқа бөлінді: 1 топ – 13 оқушы, 2 топ -12 оқушы, 3 топ – 12 оқушы, 4 топ – 13 оқушы.

Оқушылар үйірме жұмыстарының барысында әртүрлі есептерді шығару үшін роботтардың үлгілерін әзірледі, оларды жасау техникасын бағдарламасы мен роботтар құрастырды. Бағдарлама жылына 144 сағат, аптасына 4 сағат(2 сағаттан 2 рет) құрылған. Оқушылар 4 немесе 6 адамнан тұратын топта жұмыс жасап, күрделі роботтарды жинақтады және тестілеуден өткізді. Нәтижесінде оқушылар өз жобаларын жүзеге асыра алды.

2022 жылдың 8 қарашасында Қостанай қаласында «Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беретін мектептердің 2-7 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған «Зерде» республикалық зерттеулік жобалар және шығармашылық жұмыстардың облыстық кезеңінде Қажымұқан Ілияс «Ақылды үй» жобасын қорғап, жүлделі I орын иеленді. Оқушының жұмысы үздік жұмыс ретінде республикалық кезеңге жолдама алап жүлделі III орынды иеленді. Үйірме жұмысы техникалық өнім-моделін өз бетінше әзірлеу бойынша логикалық ойлауының дамуына, білік пен дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Пән мұғалімі: Атабаев Р.Б.